



ЖАНАЗА ЖАНАЙҚАЙЫ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЙТА ОРАЛҒАН
«ГАУЪАРТАС»

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№21
(4454)

Сейсенбі
21 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҮМІТКЕРГЕ ҚАНША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ?

Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгітті жүргізуге жұмсайтын шығыстарының мөлшерін бекітті.

«Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар үшін партиялық тізімдер бойынша кандидаттардан басқа шығыстар мөлшері 950 мың теңге көлемінде белгіленеді. Оның 450 мың теңгесі теледидардан және радиодан бағдарламаларымен сөз сөйлеуге, сондай-ақ мерзімді баспа және/немесе желілік басылымдарында 2 мақала жариялауға, 300 мың теңгесі сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге және үгіт материалдарын шығаруға, 200 мың теңгесі көлік шығыстарына арналған» деді Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина.

Сондай-ақ партиялық тізім бойынша ұсынылған кандидаттарды қоспағанда, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың мәслихаттары депутаттығына түсетіндер үшін 550 мың теңге, ал қалалар және аудан мәслихаттарының депутаттығына түсетіндер үшін 350 мың теңге белгіленді.

ТҰРҒЫН ШІКІРІ МАҢЫЗДЫ

«City Transportation Systems» компаниясы көліктік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында астаналықтар арасында арнайы сауалнама жүргізеді.

Сауалнама анонимді, алынған барлық нәтиже тек жалпыланған түрде пайдаланылады.

Сауалнамаға сілтеме @cts_kz парақшасының профилінде.

«Біз үшін әрбір астаналық тұрғынның пікірі маңызды. Сіздің жауаптарыңыздың негізінде біз қала бойынша адамдардың қозғалыс матрицасын құра аламыз, аудандар бойынша қоғамдық көліктің қажеттілігін егжей-тегжейлі зерттей аламыз» делінген компанияның хабарламасында.



TARTYL FEST ТАРЛАНДАРЫ

Елордада турникке тартылудан Tartyl Fest турнирі мәресіне жетті. Дүбірлі додаға ел аумағынан жиылған 170 спортшы қатысып, бақ сынады. Турнирде тараздық спортшы Евгений Нам 52 рет тартылып, Tartyl Fest гранд-ширек сайысының абсолюттік рекордын жаңартты. Фажайып спорт мерекесі тамашалаған көрермендерге де, ұйымдастырушыларға да керемет көңіл күй сыйлады. Турнирдің іріктеу кезеңіне Қазақстанның 20 қаласынан 7 мың қатысушы бақ сынап, тоғыз салмақ дәрежесі бойынша үздіктерді анықтады.

12



ҚҰТҚАРУШЫЛАР ТҮРКИЯДАН ОРАЛДЫ

Түркиядағы іздестіру-құтқару жұмысына Астана және Алматы қалаларынан, Ақмола және Қарағанды облыстарынан қатысқан құтқарушылар елге оралды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 7 ақпанда құтқару бөлімшелерінің күштері мен құралдары, оның ішінде Қазақстан ТЖМ техникасы, апаттар медицинасы орталығының дәрігерлері және кинологиялық есептоптар алғашқылардың бірі болып екі эшелонмен жолға шығып, ең күрделі қираған нысандарда іздестіру-құтқару жұмысын жүргізуге кіріскен болатын.

Түркияның Нурдагы қаласындағы жойқын жер сілкінісінің салдарын жоюға жұмылдырылған қазақстандық құтқарушылардың екінші эшелоны жексенбі күні Астанаға аман-есен оралды. Құтқарушыларды қарсы алғандар арасында Түркия Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Уфук Әкиджи де болып, қазақстандық құтқарушыларға құрмет білдіріп, олардың әрқай-

сысына атқарған қиын жұмысы үшін алғысын айтты. Сондай-ақ олардың іс-әрекетін кәсіби, ержүрек және нәтижелі деп бағалады.

Түркияның үш өңірінде іздестіру-құтқару жұмысын жүргізу басталғаннан бері Қазақстан ТЖМ құтқарушыларының күштері 7 адамды құтқарды. Қаза тапқан 88 адамның, оның ішінде 10 баланың денесі шығарылды.



СОТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованы қабылдады. Кездесу барысында Президентке Конституциялық Сот өз жұмысын бастағаны, өкілеттігін жүзеге асыруға кіріскені, сондай-ақ биылғы 1 қаңтардан бері азаматтардан келіп түскен өтініштер жөнінде мәлімет берілді.

Эльвира Азимова конституциялық іс жүргізуге қабылданған өтініштер мен конституциялық бақылау аясында жоспарланған шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық іс жүргізудің барлық сатысының ашықтығын және Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі туралы азамат-

тардың хабардар болуын қамтамасыз етудің, сондай-ақ Ата заңның сақталуына бақылауды күшейтудің маңызды екенін атап өтті.

БУНДЕСТАГ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Бундестагтың «Германия-Орталық Азия» парламенттік тобының жетекшісі Ойген Шмидт бастаған депутаттармен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен перспективасын қамтыған ауқымды мәселелерді талқылады.

Ерлан Қарин Бундестаг депутаттарын елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың мән-мазмұнымен және алдағы Парламент Мәжілісі мен бар-

лық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлаудың ерекшеліктерімен таныстырды.

Өз кезегінде Германия Парламентінің делегациясы Қа-

зақстандағы саяси жаңғырудың депутаттарын сайлаудың ерекшеліктерімен таныстырды. Оның 3 мыңнан астамы – қандас (17676 адам), Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Ресей арасындағы азаматтыққа қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі туралы келісім бойынша – 1287 адам, тұрмысқа шыққан әйелдің азаматтығы туралы конвенция бойынша – 1777 адам» деп түсіндірді Шұғыла Тұрлыбай ІІМ-де өткен баспасөз мәслихатында.

140 АДАМ ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛДЫ

Былтыр қос азаматтығы бар 140-қа жуық адам елден шығарылды. Бұл ақпаратты Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шұғыла Тұрлыбай жария етті. Ол жыл сайын Қазақстан азаматтығын алуға 20 мыңға жуық адам өтініш білдіретінін айтты.

«Тәуелсіздік жылдары 1 млн-нан аса адам Қазақстан азаматтығын алды: былтыр – 22 мың адам. Оның ішінде Қазақстан Президентінің Жарлығымен – 1375 адам, жеңілдетілген тәртіппен – 20 мыңнан аса адам бар. Оның 17,5 мыңнан астамы – қандас (17676 адам), Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Ресей арасындағы азаматтыққа қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі туралы келісім бойынша – 1287 адам, тұрмысқа шыққан әйелдің азаматтығы туралы конвенция бойынша – 1777 адам» деп түсіндірді Шұғыла Тұрлыбай ІІМ-де өткен баспасөз мәслихатында.

Ішкі істер министрлігі БҰҰ БЖКБ-ның Қазақстандағы өкілдігімен және ҰЕҰ-мен бірлесіп, 2 жылда құжатсыз және азаматтығы белгісіз адамдарды

анықтау және тіркеу бойынша кең ауқымды акция жүргізген.

«Нәтижесінде азаматтығы мен құжаттары жоқ 8 мыңнан аса адам анықталды. Оның ішінде 5 мың адамның Қазақстан азаматтығына жататыны расталды және жеке куәліктер рәсімделді. Азаматтығы жоқ 3 мыңнан аса адамға куәлік берілді» деді ІІМ өкілі.

Қазақстан қос азаматтықты мойындамайды. Сондықтан мұндай фактілерді анықтау бойынша жұмыс ерекше бақылауда болады.

«Заңнамада еліміздің азаматтығынан айырылған адамның ҚР азаматының паспортын немесе жеке куәлігін пайдаланғаны үшін, сондай-ақ заңнамада белгіленген мерзімде хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Қос азаматтығы бар фактіні

жасырғаны үшін 200 АЕК (690 мың теңге, 1 АЕК – 3450 теңге) айыппұл салу не Қазақстаннан шығару көзделген. Мысалы, былтыр қос азаматтығы бар 841 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Соттың шешімімен 138 адам Қазақстаннан шығарылды, қалғандарына айыппұл салынды. Соңғы 5 жылда азаматтық туралы жауапқа тартылды. Оның 3 мыңнан астамына айыппұл салынды, 473-і елден шығарылды. Бәрінің Қазақстан азаматтығы жойылды» деді Шұғыла Тұрлыбай.

Биыл қос азаматтық деректерін болдырмау үшін екінші азаматтығын жасырғандарға жауапкершілікті қатаңдату үшін заңнамалық актілерге түзетулер енгізу жоспарланып отыр.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек қаладағы құрылысы ұзаққа созылған бірқатар тұрғын үйдің үлескерлерімен кездесті. Тұрғындар жүздесуде инженерлік желілер салу, абаттандыру, қосымша автобус бағдарын іске қосу сияқты мәселелерді де көтерді.

«Қаладағы құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аралауды жалғастырамын. Үш көпөтерілі тұрғын үй кешендерінің үлескерлерімен қайта кездестім. Олар – «Коргалжинский квартал», «Комсомольский», «Арыстан» тұрғын үй кешендері. Құрылыстың тоқтап қалмауы және үлескерлердің жұмыс нәтижесін көргені маңызды, сол себепті құрылыс алаңдарында тұрақты түрде кездесу өткіземіз» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбек тұрғын үй кешендерінің құрылысына қатысты жағдай қиын болғанын атап айтты.

«Мәселен, «Арыстан» тұрғын үй кешенінің құрылысы 11 жыл бұрын басталған. Нысанды тапсырар кезде небәрі 20-30 пайызға дайын еді. Мұнда 450-ге тарта үлескер отбасы өз пәтерін күтіп жүрді. Тұрғын үй кешені бірнеше блоктан тұрады. Олардың бір бөлігі



салынып бітіп, үлескерлерге пәтер кілті табыс етілді. Қалған блоктардың да құрылысы аяқталады» деп түсіндірді қала басшысы.

«Комсомольский» тұрғын үй кешені 8 жыл бұрын проблемалы деп танылған. Мұнда 600-ден астам үлескерлер отбасы бар.

«Үлескерлер кездескенде,

құрылыстан басқа, инженерлік желілер салу, абаттандыру, қосымша автобус бағдарын іске қосу сияқты мәселелерді де көтереді. Біз өз тарапымыздан мердігерлерге барынша көмек көрсетеміз. Біздің міндетіміз – құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтап, үлескерлерге баспана кілтін табыс ету» деді Жеңіс Қасымбек.

ЕЛОРДАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Оқу-ағарту министрлігі еліміздің барлық өңірі бойынша 2023-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамытудың Жол картасын әзірлеуде. Ол білім беру саласындағы мәселелерді нақты шешуге және оны одан әрі дамытуға бағытталған. Алғашқы құжатқа Астана қаласының әкімдігі қол қойды. Бұл туралы қалалық әкімдіктің ресми сайты хабарлады.



Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекке білім саласын дамытуға ерекше көңіл бөлгені үшін алғысын білдірді. Астана қаласы әкімдігінің жоспары бойынша елордада толық күндік топтары бар балабақшалар ашылады. Кезекте тұрғындардың көптігіне байланысты 39 мыңға жуық орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, 2200 орынға арналған 22 шағын орталық ашу жоспарлануда.

«Мектеп құрылысына ерекше көңіл бөлеміз. Биыл 24 жайлы мектепті жобалау басталды. Жаңа үлгідегі мектептер екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы қабылдауға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар жаңа оқу жылында 13 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Аталған шаралар үш ауысымды және тығыз мектептер санын азайтады» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Ғани Бейсембаев білім сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар балалардың қауіпсіздігіне және білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын азайтуға баса назар аударды.

«Тегін техникалық және кәсіптік біліммен 100 пайыз қамтуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырысты 2026 жылға дейін 15,5 мың орынға дейін арттыру жоспарлануда. Сондай-ақ 6950 маман

кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы бойынша оқып, 100 пайыз жұмысқа орналастырылады. Колледж студенттерінің стипендиясын 50 пайызға арттыру бағытында іс-шаралар жүзеге асырылуда» деп атап өтті Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

800-ге жуық оқытушы біліктілікті арттыру курсынан өтеді. Келесі жылы барлық елорда мектептері білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингіне (ББЖМ) және PISA-ның жыл сайынғы зерттеуіне қатысады. Оның қорытындысы аясында білім беру сапасын арттыру бойынша нақты ұсынымдар беріледі.

Бүгінгі таңда министрлік оқушыларды тамақтандырудың Ұлттық бағдарламасының жобасын әзірлеуде. Астана мектептерінде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін «Цифрлық мектеп асханасы» қанатқақты жобасын енгізу ұсынылады. Жол картасына бағалау, инклюзивті білім беру, балалардың құқығын қорғау, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар енгізілді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Түркиядағы жойқын жер сілкінісінен қаза тапқандар саны 40689-ға жетті деп хабарлайды жексенбі күні Anadolu ақпарат агенттігі.

Эл-Жазираның хабарлауынша, Сирияда 5800-ден астам адам қайтыс болды. Осылайша екі елдегі жер сілкінісінен зардап шеккендердің жалпы саны 46 мыңнан асты. Жұма күні Daily Sabah газеті Түркиядағы жер сілкінісінен 84726 ғимарат зардап шеккенін хабарлады.



Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Антониу Гутерриш тұрмысы ауыр адамдарға көмектесу және аштықтың алдын алу үшін арнайы қордан (CERF) 250 миллион доллар бөлетінін жариялады.

Бүгінде дүние жүзінде 339 миллион адам гуманитарлық көмекке мұқтаж. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 25 пайыздан көп. БҰҰ қайырымдылыққа үлес қосқан барлық жандарға алғыс білдірді.



«Қырғыз Экспресс Пошта» филателиялық бюросы ең ұзын пошта маркасын айналымға шығарды.

«Тауларды тұрақты дамытудың халықаралық жылы» маркасының ұзындығы – 184 мм. Онда Чаар-Таш жотасы, Тоғыз-Торо шатқалы, Қазарман ауылы бейнеленген. Ал миниатюралық парақтың талонында Беш-Таш шатқалы, Тұйықтөр жотасы мен Итағар асуы бейнеленген.



БАС ЖОСПАР БҰҚАРАҒА ҚОЛАЙЛЫ БОЛАДЫ

«Астана Бас жоспары» мекемесінде қала әкімі Жеңіс Қасымбектің басшылығымен «Menin Elim Dala» бастамашыл топтарының қатысуымен нақты құрылыс мәселесі бойынша кеңес өтті. Жиында әлеуметтік нысандардың пайдасына орай ТК құрылысын жою, үйлердің қабатын азайту, Талдықөл бойынша және т. б. мәселелер көтерілді.

Қалада нақты құрылыстың 18 негізгі проблемалы объектісі бар. 13 нысан бойынша мәселелер тұрғындардың тілегі мен өтінішінің пайдасына шешіледі, яғни тұрғын үй кешені маңында мектептер, медициналық орталықтар, балабақшалар, қоғамдық кеңістіктер болады. Қалған 5 нысан бойынша сот

және келіссөздер процесі жүріп жатыр. Мысалы, А.Байтұрсынов көшесі, 7 («Хайвил» ТК) мекенжайында, жер учаскесінде бұрын айтылғандай, көпкөпәтерлі тұрғын үй кешенінің орнына мектеп салынады. Сондай-ақ, Р.Қошқарбаев даңғылы мен Ақыртас көшесі маңында, яғни «Хайвил» тұрғын

үй кешеніне қарама-қарсы оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында тағы бір жалпы білім беретін мектеп салынады.

К.Күмісбеков көшесі, 9/2 үйінің жанында 21 қабатты ТК және паркингтің орнына гүлзар салынады.

«Sport Towers» ТК тұрғындарының өтініші бойынша екі мектеп салынады (Alpatus ТК мен Alau ТК арасында және Барыс Арена мұз айдынына оңтүстік бағытта).

Кездесу қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берілді, оның ішінде құжаттарды нормаларға сәйкес келтіру, «Menin Elim Dala» ҚБ жауаптарын ұсыну және т. б.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

Өткен сенбіде ҚР Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Арман Шаққалиев елордада «Шарын», «Астана-лық» және «Сауран» базарында көшпелі кеңес өткізді. Оның барысында азық-түлік бағасының өсу себептері, бірінші қажеттілік өнімдерінің тұрақты бағасын сақтау мәселелері талқыланды.



Сондай-ақ, бизнес нарығына сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларының, олардың аумағын күтіп-ұстауға, жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптардың жобасы ұсынылды.

Арман Шаққалиев өз сөзінде жоба Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында дайындалғанын және сауда базарларының қызметін ретке келтіруге, оның ішінде базар иелерінің (иелерінің) жауапкершілігін күшейтуге бағытталғанын айтты.

«Сауда нарығының регламентін бекіту мазмұны мен рәсіміне және қосымша қызметтер тізбесіне нақты талаптар белгіленді. Бұл шаралар жалдау құны мен нарық әкімшілігі көрсететін қызметтерге баға белгілеудің ашықтығын қамтамасыз етеді» деді бірінші вице-министр.

Кездесу барысында «Шарын» көтерме сауда нарығының қызметкерлері салық салу, фитосанитарлық және ветеринарлық бақылау, тез бұзылатын тауарлардың логистикасына байланысты проблемалық мәселелерді көтерді.

Шарын базарының тағы бір өкілі мүмкіндігінше салық салынатын базаның шекті мөлшерін қарастыруды, жеңілдетілген схема бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік беруді ұсынды.

Бұдан әрі делегация «Астаналық» базарына келіп, сауда объектісінің әкімшілігімен кездесті. Елордалық базар басшысы Бауди Әбуев сауда объектілерінің қызметін ретке келтіруге және сауда саласында ақпараттық технологияларды енгізуге қатысты мемлекеттің жүргізіліп жатқан саясатына қолдау білдірді.

Ақпараттық жүйе – сауда алаңдарына еш кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және жалдау құнының әділ тарифі қалыптасуына ықпал ететін жаңалықтың бірі.

Сапардың соңғы бағдары «Сауран» жаңа форматтағы сауда орталығы болды.

Арман Шаққалиев ескертулер мен ұсыныстарды тындап, туындаған мәселелерді жедел шешу үшін осындай кездесулердің маңызын атап өтті.

«Біз бүгін көтерме бөліктен, яғни жүк көлігінен сатудан өркеніетті нарық форматына дейін өттік. Сонымен бірге, ең алдымен, бағаны тұрақтандыру және дүрбелең сұраныс туындырмауымыз керек. Жиналысқа қатысушылар көтерме саудагерлерді де, бөлшек саудагерлерді де көлеңкеден шығуға ынталандыратын көптеген салық ұсынысын айтты. Сауда субъектілерін қамтуға ұлғайту арқылы салық салынатын базаны ұлғайту біз үшін маңызды. Сондай-ақ, фитосанитарлық және ветеринарлық блоктың проблемалық мәселелері қозғалды, көптеген сындарлы ұсыныс айтылды. Барлық қатысушыны жаңа айналым схемасы қызықтырды, біз өндірушілерді тікелей қаржыландырамыз, олар тікелей делдалдарсыз және қайта сатып алушыларсыз көтерме саудагерлерге шығады, ал олар өз кезегінде тауарды бөлшек саудада артық салымсыз сатады. Бизнесіміз бізді осы бағытта қолдайтын есту өте қуанышты. Барлық айтылған ұсыныстар бақылауға алынып, жұмыста ескерілетін» деп сендірді қатысушыларды бірінші вице-министр.

АРДАГЕРЛЕР – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен Ауған, Ирак және Таулы Қарабақ қақтығысында соғысқан ардагерлер ұйымының басшыларымен кездесті.

Кездесу барысында ардагерлердің әлеуметтік мәселелері бойынша пікір алысты. Яғни медициналық көмек, санаторий/курорттық демалыс, баспана, әлеуметтік төлемдер және басқа да тұрмыстық мәселелерге қатысты сұрақтар қойылды.

Күн тәртібіндегі тағы бір маңызды мәселенің бірі келесі жылы Ауғанстан жерінен әскерлердің толығымен шыққанына 35 жыл толуына қатысты болды. Осыған орай өтетін бірқатар іс-шараның дайындық жұмысын талқылап, ақылдасты. Аталған мәселелерді пысықтап, шешу үшін басқа да мемлекеттік органдармен жұмыс тобын құруға келісіп, осындай кездесу апта сайын өтетінін мәлім етті.



ЕСІРТКІ САУДАСЫНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Бас қалада есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының қызметкерлері аса ірі көлемді есірткі сатудың жолын кесіп, күшті синтетикалық есірткі заты – мефедронның екі пакетін тасымалдап келе жатқан 35 жастағы жергілікті тұрғынды ұстады.



Тергеу анықтағандай, ұсталған азамат есірткіні Алматыдан сатып алып, көлікпен Астанаға жөнелтіп, өзі елордаға ұшақпен оралған. Әрі қарай ол есірткіні бір келіден бөліп, Көкшетау, Петропавл және Павлодар қалаларында ірі мөлшерде көтерме сауда үшін жасырып кетуді жоспарлаған. Күдікті есірткіні орап-түю үшін тасымалдау барысында ұсталды. Ұсталғанның пәтерін тінту кезінде екі келі гашиш, бір миллионнан артық теңге, сон-

дай-ақ электронды таразылар мен буып-түюге арналған материалдар алынды.

Ішкі істер министрлігінде атап өткендей, тәркіленген есірткінің салмағы аса ірі мөлшерге жатады. Олардың айналымы үшін жаза мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді.

Қазіргі уақытта іздестіру шаралары жалғасуда, ұсталған азаматтың қылмыстық байланысы анықталуда.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада қазақ тілі мұғалімдері мен оқытушыларының семинары өтті. Мамандар тіл үйрету технологияларын талқылады.

Жиында қазақ тілінің кәсіби үйрету әдістемелері сөз болды. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің президенті, Назарбаев университеті қазақ тілі және түркітану департаментінің профессоры Эльмира Оразалиеваның айтуынша, қазақ тілін кәсіби деңгейде үйретуге арналған қосымшалар мен турлі технологиялар көп. Олар заманауи сұранысқа бейімделген. Семинарға

100-ге жуық оқытушы қатысты. Олардың басым бөлігі онлайн форматта пікірталасқа қатысты.

– Қазіргі өзекті мәселе, ең бірінші, әрине, әдістемені меңгеру. Тіл үйрету әдістемесіндегі жаңалықтарды, жаңа технологияларды меңгеру және Қазақстан көлемінде, шет елдерде қазақ тілін үйретіп жүрген мамандармен халықаралық ынтымақтастыққа келу, – деді ол.

2026 жылға қарай Қытайда интернетке қосылғандар саны 10,25 млрд құрайды.

Бұлардың басым бөлігі тұтынушылық сектордан болмақ. Ал «ақылды үй» жүйесі мен адамдардың өзімен алып жүретін құрылғылары өсімнің негізгі драйверлері болып қала бермек. Осы кезеңде өндірістік сектор мен коммуналдық инфрақұрылымға байланысты қосымшалар шамамен 300 млн және 2,2 млрд құрамақ.



Осыдан жүз жыл бұрын ақпан айында ағылшын археологы Говард Картер перғауын Тутанхамонның қабіріне 3000 жыл ішінде бірінші болып кірді.

Перғауын өзінің қысқа ғұмырында таңғаларлық ештеңе істемесе де, тек мумиясының арқасында Ежелгі Мысырдың әйгілі билеушісі болды. Жақында жүргізілген ДНҚ талдауы Тутанхамонның Эхнатонның ұлы екенін, бірақ Нефертити патшаймынан емес, канизактардың бірінен екенін көрсетті.

№21 (4454) 21/02/2023 Сейсенбі

1 ОРЫНҒА 15 ҮМІТКЕР ТАЛАСАДЫ

18 ақпанда Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) партиялық тізімдерді тіркеу қорытындылары туралы, саяси партиялар атауларын дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне (жеребе тарту арқылы) енгізу, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымның байқаушыларын тіркеу және 2023 жылғы 19 наурызға белгіленген Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауында сайлау алдындағы үгіт жүргізу тәртібі туралы 2 отырыс өткізді.



**Төлен
ТІЛЕУБАЙ**

**7 ТІЗІМГЕ
281 ҮМІТКЕР
ЕНГІЗІЛДІ**

Бірінші отырысты ашып, сөз сөйлеген ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарларына сәйкес, 2023 жылғы 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды тіркеу кезеңі аяқталғаны жөнінде хабардар етті.

Сайлау туралы Конституциялық заңның нормаларына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиялары мәслихат депутаттарын сайлауды ұйымдастырады және олардың өткізілуін қамтамасыз етеді. Саяси партиялар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана мәслихаттарының депутаттығына ұсынған партиялық тізімдерді тіркеу осы өңірлердің аумақтық сайлау комиссияларының құзыретіне жатады. Олар барлық сайлау процесстерін өңірлерде өткізеді.

Мәселен, пропорционалдық жүйе бойынша сайланатын облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының 334 мандатына аумақтық сайлау комиссиялары өңірлерде партиялық тізімдерді тіркеуді осындай рәсімдерін жүргізді. Қолда бар жедел ақпаратқа сәйкес, барлық өңірлердегі аумақтық сайлау комиссиялары облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды партиялық тізімдер бойынша тіркеді.

Осылайша, партиялық тізімдерді Парламент Мәжілісіне және облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының депутаттарына тіркеу кезеңі аяқталды.

Парламент Мәжілісі мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауында

саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеу қорытындылары туралы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады. Ол Орталық сайлау комиссиясы Парламент Мәжілісіне сайлауға қатысуға ұсынылған барлық 7 саяси партияның партиялық тізімдерін тіркегенін мәлімдеді. Олар: «Қазақстан халық партиясы» ҚБ – 52 кандидат, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» ҚБ – 54 кандидат, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» республикалық ҚБ – 19 кандидат, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 18 кандидат, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ – 25 кандидат, «Аманат» партиясы» ҚБ – 90 кандидат, «Respublica» партиясы» ҚБ – 23 кандидат (партияның 2 кандидаты берген өтінішке сәйкес алынып тасталды).

Осылайша, еліміздің Парламент Мәжілісі депутаттарының мандатына үміткер саяси партиялардың 7 тізіміне 281 кандидат енгізілді. Әрбір саяси партия әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың қажетті өкілдігін сақтайды. Жалпы, барлық партиялық тізімдер бойынша бұл санаттар 38,1% құрайды. Кандидаттардың орташа жасы – 45,7 жас, депутаттыққа кандидаттар 19 адам 29 жасқа дейін, 80-і – әйел (28,5%), 201-і – ер адам. Саяси партиялар тізіміне 12 этностың өкілін енгізді.

Сондай-ақ Константин Петров ҚР мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы хабардар етті. Мәселен, республика бойынша 223 мәслихатта 3415 депутат сайланады, оның ішінде 668-і – облыстық мәслихаттарға, 617-сі – қалалық мәслихаттарға, 2130-ы – аудандық мәслихаттарға. Облыстық мәслихаттарға 668 депутаттың 334-і партиялық тізімдер бойынша сайланады. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттарын сайлау бойынша 1447 кандидаттың 118 партиялық тізімі тіркелді («Ақ жол» ҚДП – барлық 20 өңірде 199 кандидат тіркелді, «Аманат» партиясы – барлық 20 өңірде 692 кандидат тіркелді, «Ауыл» ХДПП – барлық 20 өңірде 136 кандидат тіркелді, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 18 өңірде (Қостанай облысы мен



Барлық үгіт материалдары міндетті түрде мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс: осы материалдарды шығарған ұйым, оларды басып шығару орны, таралымы, тапсырыс берген тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы. Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде үгіт баспа материалдарын дайындауға, анонимді үгіт материалдарды таратуға тыйым салынады

Жетісу облысынан басқа) 89 кандидат тіркелген, ЖСДП өңірлерде партиялық тізімдерін ұсынбаған, Қазақстан халық партиясы – барлық 20 өңірде 172 кандидат тіркелген, «Respublica» партиясы – барлық 20 өңірде 159 кандидат тіркелген).

Тіркелген тізімдерде әйелдер мен жастардың қажетті өкілдігін әрбір саяси партия сақтады, бұл санаттар 39,2%-ға ұсынылған. Кандидаттардың орташа жасы – 43,8 жас, 29 жасқа дейінгі – 182, 434-ы – әйел (30%), 1013-і – ер адам. Саяси партиялардың тізіміне 22 этностың өкілі енгізілген.

**ЖЕРЕБЕ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БЕЛГІЛІ БОЛДЫ**

Отырыстың екінші мәселесіне көше отырып, Нұрлан Әбдіров Сайлау туралы заңның 37-бабына сәйкес саяси партияларға дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне жеребемен айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары және «Бәріне қарсымын» деген жол енгізілетінін мәлім етті. Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 13 шілдедегі №15/214 қаулысымен сайлау бюллетеніне саяси партиялар атауларын енгізу туралы жеребе өткізудің ережесі бекітілді.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина отырысқа қатысушыларды жеребе өткізудің ережелерімен таныстырды. Ол ережелерге сәйкес мөл-

шерлері мен түстері бірдей конверттерге тіркелген партиялардың санымен тең реттік нөмірлер жазылған парақтар салынатынын хабарлады. Бір конвертте нөмір жазылған бір ғана парақ болады. Конверттер мөрленіп, барлық қатысушылардың көз алдында үстел үстіне орналастырылады. Әр саяси партияның өкілі кезекпен бір конвертті алып, оны ашады, парақта жазылған нөмірді көрсетеді. Конверт ішіндегі нөмір – саяси партияның сайлау бюллетеніне енгізілетін нөмірі. Жеребені өткізудің нәтижесі хаттамаға енгізіліп, оған қатысып отырған Орталық сайлау комиссиясының мүшелері қол қояды. Жеребе қорытындысы бойынша орындар былайша бөлінді:

1. «Аманат» партиясы;
2. «Ауыл» партиясы;
3. «Respublica» партиясы;
4. Қазақстан халық партиясы;
5. «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы»;
6. «Ақ жол» партиясы;
7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия.

Осылайша, партиялық тізім бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауда саяси партиялардың атауын сайлау бюллетеніне енгізу тәртібі айқындалды. Бұл тәртіп пропорционалдық жүйе бойынша сайланатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана мәслихаттарының депутаттарын сайлауда пайдаланылатын болады.

**79 ШЕТЕЛДІК
БАЙҚАУШЫ ТІРКЕЛДІ**

Отырыстың күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман баяндама жасады. Ол халықаралық байқау институты ашылғаннан бері 9 шет мемлекеттен және 3 халықаралық ұйымнан 79 байқаушы аккредиттелгенін хабарлады. Жынында бұрын аккредиттелген байқаушы Мишель Ньянгтің байқауға қатыса алмайтынын мәлім қылды. Осыған байланысты ДИАҚБ сайлауды байқау жөніндегі миссиясының құрамына тиісті өзгерістер енгізілді.

**ҮГІТ ҚАЛАЙ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ?**

Екінші отырыс барысында сайлау алдындағы үгіт жүргізу мәселесі қаралды. Осы мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Анастасия Шегорцова баяндама жасап, сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін бірден басталатынын хабарлады. Ағымдағы сайлау науқанында үгіт 18 ақпанда сағат 18:00-ден басталып, 18 наурызда сағат 00:00-де аяқталады. Ол отырысқа қатысушыларға заңнаманың негізгі жаңалықтарын жеткізіп, енді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, үгіт-насихаттан бөлек, сайлау алдындағы іс-шаралар, үгіт материалдарын шығару, онлайн-платформалар арқылы да жүзеге асыруға болатынын атап өтті.

Сондай-ақ БАҚ үшін тағы бір жаңалық айтылды: енді дауыс беру күні сайлау учаскесінде қызмет куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат

құралынан бір-бір өкілден, әрбір телеарнадан үшеуден аспайтын өкіл қатыса алады. Анастасия Шегорцова жиналыс, митинг, шеру мен демонстрация сияқты қоғамдық іс-шараларды өткізу тәртібі арнайы заңмен реттелетініне назар аударды. Оларды өткізу үшін жергілікті атқарушы органға хабарласу қажет.

Сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу кезінде сайлау науқаны үшін арнайы жасалған баспа материалдарын, соның ішінде безендендірілген материалдарды, сондай-ақ сайлау науқанына арнайы әзірленген кеудеге тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуға жол берілетінін есте ұстаған жөн. Алайда тегін тауарларды, қызметтерді және т. б. ұсынуға жол берілмейді. Бұл – сайлау алдындағы тыйым салынған үгіт.

Барлық үгіт материалдары міндетті түрде мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс: осы материалдарды шығарған ұйым, оларды басып шығару орны, таралымы, тапсырыс берген тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы. Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде үгіт баспа материалдарын дайындауға, анонимді үгіт материалдарды таратуға тыйым салынады.

Кандидаттар, саяси партиялар барлық үгіт материалдарын өз сайлау қорының қаражатынан төлейді. Заң бұл мақсатқа басқа көздерден өзге ақша тартуға тыйым салады. Сондай-ақ сайлау қорынан төленбеген кез келген тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді қабылдауға тыйым салынады.

Отырыста жергілікті атқарушы органдардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуге дайындығы туралы, оның ішінде кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыруға арнайы орындар мен үй-жайларды қамтамасыз ету туралы баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ үгіт кезеңінің аспектілері және сайлау алдындағы үгіт және жауапкершілік кезеңіндегі БАҚ пен интернет-кеңістіктің мониторингі туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, ҚР Бас прокуратурасының өкілдері баяндады.

Елімізде аса маңызды, күрделі науқан – Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттарға сайлау басталды. Жетпістен асқан шағымда елу жылдан астам уақытта талай сайлауға қатыстым. Сайланған халық қалаулылары бәрі де көпшіліктің ойынан шықты деп айта алмаймын, оны айтуға уақытында сөз бостандығы болған жоқ.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Халық қалаулысы қандай болуы керек? Әсіресе соңғы шақырылымдағы кейбір депутаттың іс-әрекеті халықтың намысын қоздырды. Басқасын айтпағанда, жаңа сайланған депутат жазып берген аңтын мемлекеттік тілде оқи алмай мінгірлеп тұрғанда, жерге кіреге тесік таппады, сондай адам қалай Парламент мүшесі бола алады? Депутат, халық қалаулысы деген атқа сай, халықтың жоғын жоқтап, мұның бөлісіп, ол үшін халықтан қашпай, жақын болуы керек, ал бұрынғы депутаттар мұның айта барған сайлаушылардан халықтың әлгерінен шетел өкіліне мініп, ат-тонын ала қашып немесе тәкаппарланып тілдеп кетеді. Халық қалаулысы – ол халықтың мұқтажын, мұның жоғары билікке жеткізуші және нәтижелі іс-шараны іске асыруға қадағалаушы, бірақ біз ондай жанашырлықты көре алмадық. Арыста апат болып жатқанда, шілденің ыстығында Үкімет үйі алдына мұның айтып келген аналарға бірде-бір депутат «індерінен» шығып басу айтуға жарамады. Кешегі қаңтар қыргынында олар қайда жүрді? 2022 жылы Маңғыстау өңірінде қуаңшылық болғанда шырылдап жүрген қара халық қоғам белсенділері, халық «қалаулыларын» көрмедік. Екібастұзда болған апатта жылы төсекте жатпай, неге сол қиыншылық жағдайдың арасында жүрмейді? Халық баласын өсіріп, тепсе темір үзетін «құлындарын» Отан қорғауға жіберіп, неге сүйегін табытпен алады? Осындай шектен шыққан жайттарда жәрдемдесіп, халықтың «жа-

расын» емдеуге қол ұшын бермесе, халық қалаулысының керегі бар ма? Өткен шақырылымдағы депутаттардың жағымсыз тағы бір қылығы – олардың екіжүзділігі, Елбасы қызметтен кеткенде қатты өкініп, артынша тез құбылып өзгеруі азаматқа лайық емес. Ал болашақ депутаттар Парламент мүшесі бола алады? Депутат, халық қалаулысы деген атқа сай, халықтың жоғын жоқтап, мұның бөлісіп, ол үшін халықтан қашпай, жақын болуы керек, ал бұрынғы депутаттар мұның айта барған сайлаушылардан халықтың әлгерінен шетел өкіліне мініп, ат-тонын ала қашып немесе тәкаппарланып тілдеп кетеді. Халық қалаулысы – ол халықтың мұқтажын, мұның жоғары билікке жеткізуші және нәтижелі іс-шараны іске асыруға қадағалаушы, бірақ біз ондай жанашырлықты көре алмадық. Арыста апат болып жатқанда, шілденің ыстығында Үкімет үйі алдына мұның айтып келген аналарға бірде-бір депутат «індерінен» шығып басу айтуға жарамады. Кешегі қаңтар қыргынында олар қайда жүрді? 2022 жылы Маңғыстау өңірінде қуаңшылық болғанда шырылдап жүрген қара халық қоғам белсенділері, халық «қалаулыларын» көрмедік. Екібастұзда болған апатта жылы төсекте жатпай, неге сол қиыншылық жағдайдың арасында жүрмейді? Халық баласын өсіріп, тепсе темір үзетін «құлындарын» Отан қорғауға жіберіп, неге сүйегін табытпен алады? Осындай шектен шыққан жайттарда жәрдемдесіп, халықтың «жа-

Халық қалаулыларының мәдени этикасы болуы керек, жеке отбасында да, қоғамда да жұртшылыққа үлгі болуы керек. Әйелдердің шашын жайып жіберуі немесе тар шалбармен жүруі депутатқа да, қазақ қызына да тән емес. Егер Қазақстан депутаттары бір үлгіде, қазақша өрнекпен киім кие де артық болмас еді. Қазақ елінің болашағына, тұрмысына, экономикасына жаңа серпін беретін халық қалаулыларын сайлау ерекше әділ өтсе екен деген тілегім бар.

**Серік ҚОЛДАНҰЛЫ,
Сәтпаев қаласының
күрметті азаматы,
денсаулық сақтау
саласының ардагері,
Астана қаласы**

**19 НАУРЫЗ
МАРТА
2023**

**ҚБ ЖӘНЕ ҮЕҮ САЙЛАУДЫ
БАЙҚАУ БОЙЫНША АККРЕДИТТЕУ**

АККРЕДИТТЕУ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Аккредиттеу алу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

1. Белгіленген нысан бойынша өтініш
2. Сайлауды байқау құқығын растайтын жарғыдан үзінді

Өтінішті қарау мерзімі күнтізбелік 30 күн

Республикалық ҚБ және ҮЕҮ құжаттарын

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына ұсынады

Өңірлік және жергілікті ҚБ және ҮЕҮ құжаттарын

облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық сайлау комиссияларына ұсынады

Аккредиттеу мерзімі 1 жыл

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
<https://www.election.gov.kz>

ЕЛОРДА ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы дамыту мәселелері жөнінде өткен кеңесте бас қаланың орны ерекше екенін, сондықтан оның келбетін мейлінше жақсарту қажеттігін баса айтты. Бұл ретте Президент бас шаһардың даму стратегиясын қайта қарап, жаңадан негізгі жоспар дайындауды тапсырды.



Қала бірінші кезекте тұрғындарға демалыс, көтеріңкі көңіл-күй сыйлай білуі қажет. Ал Астананың жөні бөлек, елордаға қойылатын талап жоғары. Бұл – тек экономикаға байланысты емес, архитектуралық, урбанистикалық, рухани және әлеуметтік салаға қатысы бар мәселе. «Қала тез үлкейіп келеді. Сол себепті қазіргі таңда Бас жоспарға қойылатын талаптар жиі бұзылады. Сондықтан инженерлік инфрақұрылымды кешенді түрде дамыту – басты міндет» деді Мемлекет басшысы.

Расында да, бас қала тұрғындарының саны жылдан жылға артып келеді. Елорданы көшіру кезінде бекітілген Бас жоспарға сәйкес, 2030 жылы халық саны 800 мың адамға жетеді деп жоспарланған болатын. Содан кейін 2010 жылы жоспар түзетіліп, 2030 жылға қарай халық саны 1 млн 200 мың адамға жетеді деп жоспарланғанымен, елордалықтар қазірдің өзінде бұл көрсеткіштен асып барады. Ал ҚР Премьер-министрінің орынбасары Алтай Көлгіновтің айтуынша, 2030 жылға қарай қаладағы халық саны 2-2,5 млн адамға жетуі мүмкін. Соңғы кездері халықтың жыл сайынғы өсуін ескере отырып, әлеуметтік нысандарға, оның ішінде мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, мектеп орындарына сұраныс артып келеді. Бұл сондай-ақ жол, көлік қозғалысының қиындауына да әсер етуде.

Президент Астананы дамыту тұжырымдамасын қайта қарауды ұсынды. Қаланың даму қарқыны мен тұрғындардың санына байланысты Бас жоспарға да өзгертулер мен түзетулер енгізіліп отырады. Бұл ретте «Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ ЖШС қызметкерлерінің атқарып жатқан жұмыс ауқымы кең. Астананы барлық қала тұрғындары мен қонақтары үшін орнықты, жайлы және қауіпсіз шаһарға айналдыру мақсатында олар елорданың аудан әкімдіктерімен бірлесіп бас қаланы дамыту, көгалдандыру және абаттандыру мәселелерін талқылап, көшелерді, саябақтарды көгалдандыруға, қаланың әрбір ауданында жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға ерекше назар аударады. Әсіресе, елордамызды жылдың кез келген мезгілінде халқымызға және шет мемлекеттерден келіп жатқан қонақтарға барынша қолайлы етуге, бас шаһардың

келбетін мейлінше жақсартуға күш жұмылдыруда.

Бүгінде қалалықтар күнделікті жұмыстан шаршап келгенде бір сәт аулаға шығып таза ауа жұтуды, балақайларының алаңсыз асыр салғанын, ол үшін көпқабатты үйлердің ауласында аяқ бүгіп отырар орындықтар мен балдырғандар ойнайтын шағын ойын алаңдарының болғанын,

алдындағы кеңістік, сондай-ақ қаланың тұрғын алаптарындағы скверлер бар. Осылайша, қала аумағында қараусыз қалған учаскелер мен бос жерлер саны айтарлықтай азайды.

– Белсенді қала тұрғындарымен бірлесе отырып көше спорты дамыту және шығармашыл жастарды қолдау бойынша көп жұмыс атқарылды.



қысқасы, қаланың абаттандырылғанын, көшелердің жарықтандырылғанын қалайды.

«Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ ЖШС директорының орынбасары Елнар Базыкеннің мәлімдеуінше, «Астана – жайлы қала» мастер-жоспары аясында өткен жылы қалада 250-ден астам қоғамдық және аулалық кеңістік абаттандырылды. Олардың қатарында қалалық алаң, Бараев көшесі, Президент саябағындағы амфитеатр, «Встреча» сауда үйі

«Urban sport fest», алғашқы түнгі жарыс, BMX және Скутер жарыстары, сондай-ақ «Jana Shanrak» шығармашылық музыкалық фестивалі ұйымдастырылды. Өткен жылдың тағы бір үлкен жетістігі халықаралық деңгейде жұмыс істеумен байланысты болды. БҰҰ шақыруымен елордалық урбанистер әлем қалаларын дамытуда тәжірибе алмасу үшін бірнеше халықаралық іссапарларға барып қайтты, – деді Е.Базыкен.

Бұл БҰҰ-ның тұрақтылықты



арттыру және қалалардағы апартаменттер азайту жөніндегі бастамасы болатын. Соның негізінде біздің елордамыз ресми түрде «Қалаларды тұрақты етейік 2030» қалалар тізіміне енді.

Соңғы жылдары елордада 900-ден астам аулалар мен қоғамдық кеңістіктер абаттандырылды, «Demalys promenade», құтқарушылардың, мұғалімдердің және медицина қызметкерлерінің құрметіне арналған скверлер мен көше спорты коллизейі бой көтерді.

«Абаттандыру кезінде тұрғын үй алаптарына ерекше назар аударылады. Тек, қаладан сыртқарырақ орналасқан тұрғын алаптарда ғана 300-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды, Көктал қаласында 16 гектарға саябақ салынды. Қоғамдық кеңістіктер мен аула аумақтарында әркімнің қалауы бойынша баскетбол/футбол алаңдары, workout-аймақтар, тыныш демалуға арналған аймақтар, аркалы әткеншектер, шығармашылық өнер көрсетуге арналған сахналар және т.б. бар» деді директордың орынбасары.

2023 жылы «Үркер», «Тельман» тұрғын алаптарында, Ш.Айтматов көшесі ауданында, Ж.Тәшенов және Т.Хусейн көшелерінің қиылысы ауданында, Абай даңғылында гүлзарларды абаттандыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ күйші Дина көшесінен Мұстафин көшесіне дейін, Жүргенов көшесі, 28/1, Қошқарбаев көшесі, 45, Қордай және Тайқазан көшелерінің қиылысында, К.Әзірбаев көшесі, 10-14 және Абылайхан даңғылының бойында аллеялар пайда болады. Сонымен қатар, кіші Талдықөлде экопарк салынады. Экопарктың жалпы ауданы 70 гектардан асады. Оның жобасы шағын Талдықөл су балансын сақтай және толықтыра отырып, қала тұрғындары үшін табиғи-рекреациялық аймақ құру негізінде салынатын болады. Бүгінгі таңда жобаның ведомстводан тыс сараптамасының оң қорытындысы алынды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігерлік ұйымды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Мамандардың мәлімдеуінше, абаттандыру кезінде ойын алаңдарын табиғи материалдардан жасалған шағын сәулеттік нысандармен жабдықтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ 12 мыңнан астам ірі ағаштар мен жасыл желектерді отырғызу арқылы аумақты көгалдандыруға ерекше назар аударылады.

– Кіші Талдықөлдiң іргелес аумағы игерілетін болады. Онда әлеуметтік нысандар: мектептер, медициналық орталық, тұрғын үйлер, балабақша және т.б. орналасады. Ал үлкен Талдықөл көлінің жанында қорық және орман-саябақ аймағы бар елдегі алғашқы табиғи парк пайда болады, – деді Е.Базыкен.

«Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ ЖШС-нің бөлім жетекшісі Бекзат Әділовтің айтуынша, бүгінгі таңда елорданы одан әрі көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Көшелерді, саябақтарды, скверлерді, алаңдарды, қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыру және абаттандыру саласында халықаралық озық тәжірибе ескеріледі. Жұмыстар көшелердің дизайн кодына сәйкес жүргізілуде: кешенді көгалдандыру, сондай-ақ кедергісіз ортаны қалыптастыру мақсатында шағын сәулет нысандар орналастырылуда.

«Елорданы одан әрі көгалдандыру, жайлы көшелер мен қоғамдық кеңістіктер құру және елордада жайлы қалалық орта қалыптастыру жұмыстары жалғаса береді» деді Е.Базыкен.

Сарыарқа ауданы әкімдігінің фронт-офисінде 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

7 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Фронт-офистің басты мақсаты – тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету. Қазірге күнде мұнда азаматтық хал актілерін жазу, әлеуметтік көмек, ауланы абаттандыру, санитарлық тазалау және т.б. бағыттар бойынша туындаған сұрақтарға жауап алуға болады.

Өткен жылы аудан аппаратының мемлекеттік қызметтер көрсететін фронт-офисіне 34 мыңнан астам адам жүгінді.

2018 жылдан бері «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс жасайтын фронт-офисте мемлекеттік қызметтердің 7 түрін алуға болады.

Сонымен қатар, ақпан айынан бастап әкімдікте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша тегін кеңес алуға болады.

Фронт-офистен бөлек тұрғындар өз өтініштері мен сұрақтарын Сарыарқа ауданы телеграм чатына жазып, мамандардан жедел жауап ала алады. Астаналықтар өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтарын ikometk, E-Өтініш ақпарат жүйелеріне де жібере алады.



ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУДА

Елордада мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды жұмыспен қамту маңызды мәселе болып табылады.

2022 жылы Алматы ауданынан халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеу мақсатында ерекше қажеттіліктері бар 307 адам жүгінді, олардың 78-і вахтер, консьерж, тігінші, бағдарламашы, бухгалтер, медициналық тіркеуші, SMM менеджер, қойма меңгерушісі және күзетші мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылды.

Қазір қалада 30 000-нан астам мүгедек тұрады. Мүгедектерді жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарға жұмыс орындарына квота белгіленген: жұмыскерлер саны 50-ден 100 адамға дейін болғанда – саны 2%; 101-ден 250 адамға дейін – 3%; 251-ден астам адам – 4%. 2023 жылға квота 692 жұмыс берушіге 5418 орынға белгіленді.

Толық ақпарат алу үшін Алматы ауданы азаматтарының әлеуметтік осал санатымен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бөлімінің телефондарына: +7 700 956 9837, +7 (7172) 24-95-86, +7 (7172) 24-96-25 хабарласуға болады.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫТОПЫРАҚТЫ
ӨЛІМ ДЕ ТОЗДЫРАДЫ

Бүгінде жаназа, нәзір дастарқандары той дастарқанынан кем түспейді. Тіпті екі дастарқанның арасында айырмашылық та жоқ. Қайдан тапқаны белгісіз. «Бақилық болған адамның нәзіріне қойылған тағамды мейлінше ішіп-жесе, ол да үлкен сауап» деген қисынсыз пәтуа тауып алған жұртшылық, бір жағынан, бұл дүниедегі соңғы ризығы ғой десе, екінші жағынан, «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» дегендей, жұрт сөгіп кетпесін деп, барын салып бақилық болғандарға арнап дастарқан жаяды. Оған қазақ салты бойынша ірі қара мал сойып, қоян жон табақ тартқанның сыртында, құстың сүтінен басқа дәмді тағамның бәрін қояды. Салат салып сәндеп, тәтті қосып дәмдейді. Хан өлсе де, қара өлсе де, нәзіріне, қырқына, жылдығына ірі қара сойып, құдайы тамақ бермесек, марқұмды қара жер қабылдамайтындай, жаны жәннатта болмайтындай күй кешетін деңгейге жеттік. Ол аздай, кейбір өңірлерде жаназаға (нәзірге) сиыр сойса, «аруақты бақиға сиырмен жіберген бұл не сұмдық?!» дейтін қырық айналдырса да қисынға келмейтін көзқарас та қалыптасқан. Сосын да шығар, «Нәзірге не сояды екен?» деп күні бұрын тыңдап, сиыр сойса діни науқанға бармай қалатын, құлқын баққан құзғын шалдар да көбейді. Сонымен, «Елің қалай болса, бөркің солай» деп, байлығы лықсыған қалталы бай да, шыптасына шыбын қонбаған кедей де қолыңдағы барын шашып, жоқ болса қарыз алып, нәзір өткізуге мәжбүр. Сөйтіп, «Қарызданып қатын ал, қарызың қайтады, қатының қалады» деп заманаға сай мысқыл сөз шығарған қазақтың енді жаназа жанайқайына айналды. Жанайқай емей немесе, жақынынан айырылып, қанатынан қайырылып, қан жылап отырғаны аздай, енді өзіне көңіл айтып, бет көрсуге келген көптің көңілін табуға, күңкілін естіп, күлкісіне қалмау жағын ойластыру қажет болғандықтан, атасы өліп, аспан құлап жатса да, мәйітті тастап қойып, жаназаға соятын мал іздеп шапқылап жүреді. Міне, біздің өлімге, дінге деген құрметіміз. Дәм-тұзы таусылып, пәниден бақиға аттанған марқұмға бұл дүниеден мәйітін орайтын ақ бөз бен тіріде қылған құлшылығы, істеген жақсы амалдары ғана серік болатынын біліп тұрсақ та, оның артын аспен жабуға, басын сәндеп үйлеп, таспен көмкеруге тырысамыз. Асыл дінімізде мұның бәріне шектеу қойылғанын дін өкілдері қанша қайталап айтып жатса да, ешкім құлағына қыстырмайды.

БАСҚАРМАНЫҢ
БАСТАМАСЫ ҚАЛАЙ?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы нәзір дастарқанына қойылатын тағам түрлерін бекіткен. Олар бауырсақ, шелпек, нан, сарымай, шекер, құрт, қоспа, ірімшік, мейіз, өрік, құрма, күріш, жайма, ет. Әрине, бұл арада басқарма бастысы ұлттық тағамдарды негізге алған. Қалалы жерде сарымай, құрт-ірімшіктің де табыла бермейтіні түсінікті жайт. Алайда бұл кісі қанша болса, осы тағамдарды түгел қойып дастарқан жай деген

СОҢҒЫ ПАРЫЗ: ЖАНАЗА ЖАНАЙҚАЙЫ

Қарызданып той жасап, аста-төк ысырапшылдық қылып, жоққа шашылып жүрген қазақ енді жаназа мен нәзірге де шашылып, қарыз алып ас беретін деңгейге жетті. Әлдеқашан қордаланып, қозғамаса болмайтын қоламталы тақырыпқа айналған бұл мәселе қазір қарапайым халықтың арқасына аздай батқан жан жарасына айналды. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы мұның алдын алып, «нәзір-шырақ, той-томалақ, өлім-жітім істерін қарапайым өткізу» жөнінде бастама көтеріп, пәтуа шығарғанымен, оның нәтижесі де ойдағыдай болмай тұр. Ал торқалы той мен топырақты өлім деп шашылған халықтың еңсесін қарыз басып, қалжыратып барады...



шарт емес. Ең көп болғанда осы тағамдар ғана болсын деген сөз. Жағдайы келмесе, бір нанын қойып, бір шыны қарашай құйып берсе де, оның еш әбестігі жоқ.

Діни басқарманың бұл бастамасын қазір халық та қолдап жатыр. Тіпті, «басқарма бекіткен тамақ түрлері өте көп екен, мұны әлі де азайту керек» деген ұсыныс та айтылып жатыр. Орынды пікір, әрине. Діни басқарманың осы белгілемесі шыққаннан кейін көп өңірлер бұған белсене үн қосып, нәзір-шырақты қарапайым өткізуге бет бұрды. Сол ауылдағы мешіт алқалары ақылдаса келіп, нәзір-шырақты қарапайым өткізудің жолдарын



Дәм-тұзы таусылып, пәниден бақиға аттанған марқұмға бұл дүниеден мәйітін орайтын ақ бөз бен тіріде қылған құлшылығы, істеген жақсы амалдары ғана серік болатынын біліп тұрсақ та, оның артын аспен жабуға, басын сәндеп үйлеп, таспен көмкеруге тырысамыз

қарастырып жатыр. Мәселен, кейбір өңірлер нәзірге мал соймаса болмайды дейтін қисынсыз қағиданы да өзгертіп, түйе сойса да етті турап тартасың деген талап қойды. Көп өңірлер қазір осы жосынға біртіндеп бағынып келеді. Мұның ерекшелігі, кәделі жілік бойынша табақ тартам деп әуре болмайды, ірі қараның жарты етімен 200-300 адамды жөнелтуге мүмкіндік бар. Бірақ

осы бастамаға қарсы шығып, қазақтың дәстүрін көлденең тартып, «мен асқа не соям, не берем, өзім білем, оған діни басқарма араласпасын» деп көкірек көрсететіндер де бар.

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ
МЕН ТОЗЫҒЫ БАР

Атамыз қазақтың кісі қайтыс болған күні бір мал сойып, қырықна ірі қара соятын, ал жылдығында сауын айтып, ат шаптырып, ас беретін дәстүрі болғаны рас. Бірақ осы дәстүрдің кейбір жол-жосыны мәжбүрліктен қалыптасқаны жасырын емес. Мәселен, малдың еті мен сүтін азық, терісі мен жүнін киім қылып, қиыр жайлап, шет қонған қазаққа нан, күріш, үн оңайлықпен табыла бермейтін. Сосын да кісі қайтқан күні қоралы адамды аш жатқызыбай бір малын сойса, ал жетісі мен қырқына жиналған адамдардың аузын жылытып, ас ішуіне жағдай жасау үшін мал сойып табақ тартқан. Себебі ол кезде қазіргідей қонақ үй, дәмхана дайын тұрмағаннан кейін, содан басқа амал да жоқ. Біреуге көңіл айтып келіп жүріп, басқа біреудің үйіне барса, жаман ырымға балайтын қазаққа қаза шыққан үйден басқа жерден бір шәуғім шай ішудің өзі қиын. Сол себепті бұрынғы ата-бабаларымыз мал сойып, бар болса бауырсағын пісіріп, нәзір берген. Бүгінгі сияқты алыстағы базарға шапқылап, тәтті-кәмпит әкеліп сәндеп дастарқан жасамаған. Жеміс-жидек қоймаған. Оның үстіне, біздің қазақтың кез келгені шашылып той жасап, ат шаптырып ас бермегені тағы бар. «Той тондынікі, айт аттынікі» дегендей, той, асты тартасың деген талап қойды. Көп өңірлер қазір осы жосынға біртіндеп бағынып келеді. Мұның ерекшелігі, кәделі жілік бойынша табақ тартам деп әуре болмайды, ірі қараның жарты етімен 200-300 адамды жөнелтуге мүмкіндік бар. Бірақ

қайсысында «пәлен деген кедей той жасады, ас берді» немесе «пәленбай деген кедей пәленбай деген байдан қарыз алып, той жасады, ас берді» тіркес бар? Жоқ. Демек, қазақ той мен топырақты өлімде көрпеге қарай көсілген. Сондықтан, нәзір-шырақта мал сойып, пәлен адамды тамақтандыру біздің дәстүріміз деп даурығудың, басқарманың белгілемесіне қарсы шығып дауласудың қажеті жоқ. Қазақтың басқа дәстүрін қатырып тастағандай, не өліге, не тіріге пайдасы тимейтін, дінге де томпақ далбаса дәстүрді дәріптегенде не ұтамыз? Дәстүршіл болсақ қазақтың ат тұлдау, дауыс айту (жоқтау айту), мәйіт күзету... сынды дәстүрлерін қане ардақтағанымыз? Жоқ әлде оның бәрін заманға бейімдеп, қарынның қамымен қатысты жерін ғана сақтап қалдық па?!

Ислам дінінде жеті нәзірін, қырқын, жылдығын беру керек деген шарт жоқ. Бұлар да қазақтың тұрмыстық, өндірістің жағдайы белгілеген. Себебі өткен заманда біреу қайтыс болса, сағат, минутында хабар беретін телефон, ватцап жоқ, айшылық жердегі ағайынға хабар жібергеннің өзінде дер кезінде келе алмайды. Ал олар келеді екен деп қаралы үйдің иесі қарап отыратын емес, тірлігін істейді. Сонымен, жаназаға жете алмаған қазақ жетісіні, қырқын күттеді. Құс қанаты талатын қазақтың ұлан-ғайыр даласында жылы келетін дәстүр болған. Қазақ салтында қаралы болған адам той тойлап, ұлы думанды ортаға көп кіре бермеген. Керек десеңіз, қаралы болған үйдің маңдайшасына қара ту іліп, ол үйге кірген, маңайына келген адам абайлап сөйлесін, жыртақтап күлмесін деген сөзді ишаратпен аңғартқан. Ал кісі қайтыс болғанына бір жыл толғанда шамасы келгендер ас беріп, атын шаптырып, жыл бойы қара жамылып, қайғы жұтқан туыстарының көңілін



Ұйғыр, өзбек халықтарында көршісі қара жамылса, бір аптаға дейін тамақ істетпейтін, қазан көтертпейтін әдет бар. Бір апта бойы көршілері тамақ жасап әкеп береді. Ал бізде ше? Тамақ жасап әкелмек түгілі, дастарқанын сыпырып, тонап кетеміз

көтеруге тырысқан. Міне, байырғы қазақтың өлімге деген құрметі осындай еді. Ал қазір бұл нәзір берумен бәсекелесіп, ақша төлеп жоқтаушы (көріс айтушы) шақыруды, нәзір өткен соң, той-тойлап, сауық-сайран құруды сәнге айналдырдық. Біліммен, өнермен жарысумен, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуден өнеге көрсетудің орнына өлінің артын шулатып жүрміз.

ӨЗГЕ ҰЛТТАН
ӨНЕГЕ АЛСАҚ

Біз діннің бұлжымас бөлегі деп білетін «жеті, қырқы және жыл нәзірін беру» басқа ұлттарда жоқ. Себебі ондай дәстүр, жоғарыда айтқанымыздай, ислам дінінде атымен жоқ болғандықтан, басқа ұлттар қасиетті Құранның қағидасы бойынша «бойжеткен қызды құтты орнына қондыруға, мәйіттің жамбасын тездетіп жерге тигізуге» асығады. Біз құсап, адам қайтыс болса, жылқы іздеп жынды болмайды. Көп болса, бір қазан палауын басып, нанын қойып, нәзір береді. Жыртыс беріп, ақша таратып, мал сойып, той бой жатқандай дастарқан жаймайды. Ендеше осылардың тілегі қабыл болмай ма? Нәзіріне

жылқы сойылмаған олардың ата-бабасы бақиға бара алмай далада қалып, кілең жылқы мінген қазақтар о дүниеге қиналмай жетіп пе? Кім көріп келті жылқы соймаса, нәзірдің қабыл болмайтынын? Демек, қазақтыкі далбасалықтан басқа түк те емес. Қазақтың бір реткі той мен өлімге шашқан экономикасына түрік, ұйғыр, өзбек сияқты ұлттар сексен ас, тоқсан той өткізеді десек еш артық айтқандық емес.

Ұйғыр, өзбек халықтарында көршісі қара жамылса, бір аптаға дейін тамақ істетпейтін, қазан көтертпейтін әдет бар. Бір апта бойы көршілері тамақ жасап әкеп береді. Ал бізде ше? Тамақ жасап әкелмек түгілі, дастарқанын сыпырып, тонап кетеміз. Тойдың дастарқанын талағанымыз аздай, қазір қазақтың әйелдері қонақасыға, асқа барса, алдына қойған тағамды сырып алып, дастарқанын сілкіп, үй иесінің қолына беретін болды. Қандай басқосуға барсаң, науқанның соңынан жау тигендей дастарқанды талап алып жатқан әйелдерді, қолына бір-бір жарғақ қалтасын көтеріп, майпаңдап бара жатқан шал-кемпірді көретін болдық. Өздері үйреніп кеткен соң білінбейтін шығар, бірақ ондай дәстүрі жоқ жерден келген адамдардың жағасы бары жағасын, жағасы жоғы кеңірдегін ұстап жүргені жасырын емес.

Өлім шыққан үйге, нәзірге не үшін барамыз? Әрине, қара жамылған туысымыздың, дос-жаранымыздың, танысымыздың басын сүйеп, тоқтау айтуға барамыз. Бірақ қазір есіктен кіріп, қолын алып амандасып, көңіл айтқан соң, төрге озып, шылпылдатып тамақ ішіп, қыршылдатып ет шайнап отыратын болдық. Біреу қан жылап, еңіреп отырса, тамақ жеуге қалай дәтің барады? Қай бетіңмен асын ішіп, дастарқанына қойғанын сырып-сиырып алып кетесің? Ертең ол үйге басқа кісі көңіл айтып келмей ме? Қара жамылып отырып, күнде базарға шапқылауы керек пе?! Ойланатын жағдай.

ЗАҢМЕН МІНДЕТТЕУ
КЕРЕК ШЫҒАР?

Жоғарыда айтқанымыздай, діни басқарма пәтуа шығарғанымен, ол қазір жалпақ Қазақстанға толық қағида болып қалыптаспай отыр. Сондықтан басқарма бұл тұрғыда бақылауды әлі де күшейтуі керек. Сонымен қатар, әр ауыл, аудандардағы мешіттерден бастап бұл бастамаға үн қосып, «нәзір-шырақ істерін қарапайым өткізу» ісіне белсене атсалысуы керек. Халық бойынша деген сылтауға сілтей салмай, мешіт жанынан арнаулы ақсақалдар кеңесін құрып, сол арқылы бақылауды күшейту керек. Туысқан ұлттардың өлім жөнелтудегі үйренуге тиісті тұстарын халық болып қабылдауымыз керек. Бұл – бір.

Екіншіден, «нәзір-шырақ істерін қарапайым өткізу» ісін заңмен де қадағалау керек. Қаңғыбас иттердің «құқығын» қорғап, заң шығарғыш Парламент ит пен мысықты піштіруге қыруар қаржы қарастырып жатқан билік қазақтың қанын ішіп жатқан осы бір мәселеге келгенде үнсіз отыр. Әйтпесе біз айтқан осы мәселені халық қалаулылары білмей, көрмей жүр дейсіз бе?! Сондықтан халық талап ете отырып, «нәзір-шырақ істерін қарапайым өткізуді» заңмен міндеттейтін жағдайға жетуіміз керек. Әйтпегенде жоқ жерден пәтуа шығарып, өздері шариғат жасап алатын бұл қазақ әлі талай қиырлыққа барады.

№21 (4454) 21/02/2023 Сейсенбі

ҚАЙТА ОРАЛҒАН «ГАУҺАРТАС»

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры ұсынған көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің шығармасы желісімен сахналанған «Гауһартас» музыкалық драмасының премьерасы аншлаппен өтті. Оған туынды авторы Алматыдан арнайы келіп қатысты. Қала әкімінің орынбасары Есет Байкен көрнекті қаламгерге шаһар басшысы Жеңіс Қасымбектің атынан құрмет көрсетіп, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Аталмыш театр үш жылдай бұрын ұлы Абайдың 175 жылдығына орай қойылған «Абай-Тоғжан» спектаклімен алғаш шымылдығын түргенін атап өткен Есет Байкен өнер ұжымы содан бері көрермендердің жүрегінен орын тапқан 20-ға жуық қойылым ұсынып, халықтың

ризашылығына бөленіп келе жатқанын айтты.

– Адам жанының тазалығы мен биіктігін арқау еткен «Гауһартас» қойылымы ешқашан өзектілігін жоймайтын ұлттық, отбасылық, рухани құндылықтарды дәріптей отырып, жар қадірін ұғыну, махаббат пен бақыт, шынайы сезімді бағалау секілді ұғымдардың тереңіне бойлатады. Қоғамға берері мол қойылымның елордалықтардың көңілінен шығатынына сенімдімін. Кітап пен кино арқылы танылған туынды

араға жарты ғасыр салып енді сахна тілімен көрерменмен қайта қауышып жатыр. Бұл – кездейсоқ емес, «Гауһартастың» мәңгілік туынды екенінің дәлелі, – деді Есет Байкен.

Туынды авторы Дулат Исабеков шығарманың жазылу тарихын әңгімелей келе, премьер тебірткенін жеткізді. Бұған себеп – жиырма бес жасында Мәскеудің түбінде әскерде болғанда радиодан Бибігүл Төлегенованың орындауында естіген «Гауһартас» әні.

– Спектакльді көріп отырып көзіме қанша рет жас алдым. Сценарийді оқып шыққаннан кейін қалай шығар екен деп ойлады. Жазу деген бір басқа, сахнаға шығару деген бір басқа. Мұндағы хор, ән – бәрі де өте орынды. Режиссер бәрін орын-орнымен пайдаланған. Оркестрдің өзі маған қатты ұнады. Тып-тыныш, салиқалы, жай ғана өнер көрсетті. Салтанаттың ролі маған ерекше әсер етті. Бірде-бір актер бос жүрген жоқ. Әсіресе Қайыркенді ойнаған актер рөлге кіріп кетіп, толығымен шығармадағы Қайыркенге айналды. Бүгіндей алғанда, спектакль өте жоғары дәрежеде шықты, – деді Дулат Исабеков.

Музыкалық жас көрермен театрының директоры, «Гау-



һартастың» қоюшы режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамировтың айтуынша, өнер ошағы автордың алдында шығармашылық емтихан тапсырғандай болды. Оның мәліметінше, Кеңес Одағында «Гауһартас» қазақ фильмдері арасында көрсетілім жағынан «Қыз Жібектен» кейін екінші орын алған.

– «Қыз Жібек» – біздің тарихымыз. «Гауһартас» жиырма бес жылдан бері сахнада тұрады. Мұндағы хор, ән – бәрі де өте орынды. Режиссер бәрін орын-орнымен пайдаланған. Оркестрдің өзі маған қатты ұнады. Тып-тыныш, салиқалы, жай ғана өнер көрсетті. Салтанаттың ролі маған ерекше әсер етті. Бірде-бір актер бос жүрген жоқ. Әсіресе Қайыркенді ойнаған актер рөлге кіріп кетіп, толығымен шығармадағы Қайыркенге айналды. Бүгіндей алғанда, спектакль өте жоғары дәрежеде шықты, – деді Дулат Исабеков.


«Гауһартастың» сахналық нұсқасы, шынымен де, тебіренерлік болды. Екі жарым сағатқа жуықтайтын қойылымда көрермендерді бір күлдіріп, бір жылататын көріністер молынан қамтылды. Әртістер тыңғылықты дайындалып, режиссерлік шешімдер де ұтымды шықты. Бас кейіпкер Салтанаттың қайтыс болғаны Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар қайтып барады» әнімен берілді. Бұл табылған шешім болды деп есептейміз.

Жалпы спектакльді көріп отырып, Шәріп Бейсенбаевтың аттас фильммен салыстыруға тура келеді. Кинода негізгі кейіпкерлерді Кәукен Кенжетәев, Әмина Өмірзақова, Әнуар Боранбаев, Досхан Жолжақынов, Жанна Қуанышева секілді танымал актерлер сомдағаны белгілі. Театр актерлері образдарды солғындатып жібермей ме деген ойымыз болды. Жоқ, сәтті алып шықты. Қазбек Есқара (әке), Қалима Наушабаева (ана), Оразалы Игілік (Тастан),

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Асылхан Төлепов (Қайыркен), Инабат Ризабекова (Салтанат), Ернар Мұхамбет (Әскербек) өзіне бекітілген бейнелерді әсерлі сомдады. Жалпы спектакльге бірнеше актерлік құрам тартылған. Біз аттары аталған әртістердің ойынын көрдік.

Жанры музыкалық драма болғаннан кейін қойылымда ән де көп. Атап айтқанда, кинода қолданылатын композитор Мәліс Өзбековтің «Келші, айым», халық әндері «Гауһартас», «Құдаша», басқа да туындылар театрдың ұлт аспаптар оркестрі мен эстрадалық ансамбльдің сүйемелдеуімен жанды дауыста орындалды. Лейтмотивті жазып, музыканы өңдеген – Бауыржан Ақтаев.

Спектакльде әкенің отбасындағы орны сияқты қоғамдағы өзекті мәселелер де қозғалады. Бұл «Бала егер әкенің айтқанымен жүрсе, бұл дүние басқаша болар еді» деген әкенің сөзімен берілген.



ЖУРНАЛИСТІҢ ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінде журналист-публицист, дипломат, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Гүлсім Еңсепованың «Ұшқыр қалам» атты кітабының таныстырылымы өтті.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

«Бұл еңбекте автордың ұшқыр қаламымен еліміздің тәуелсіздікке ұмтылысы, оған қалай қол жеткізгеніміз және одан кейінгі жылдардағы ел өмірінің тыныс-тіршілігі шынайы жазылған. Жинақ Кеңес Одағы ыдырап, жаңа тәуелсіздік таңы атқан шақтағы егемендік тынысын қаз-қалпында көрсетуімен және материалдарды журналистика жанрларына бөліп беруімен құнды» деп факультет деканы Қайрат Сақ жиынды ашып берді. Таныстырылым барысында Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік тіл басқармасының басшысы Жәнібек Жұмбергенов Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Қайрат Омаровтың кітап шығуына орай құттықтау хатын табыстады. Іс-шараға сондай-ақ ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжан, жазушы Айгүл Кемелбаева және бір топ студент қатысты. Бұқара Гүлсім Еңсепованың журналистикаға тың серпін әкелгенін атап айтты.

Кітапта қаламгердің әр жылы

бұрынғы «Социалистік Қазақстан» – бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің және өзге де басылым беттерінде жарияланған публицистикалық туындылары ішінен таңдамалылары іріктеліп, топтастырылған. Аталмыш еңбек жалпы оқырман қауымға және жас журналистерге арналған. Шығарма «Парламент – заман тоғсында», «Халықаралық қатынастар қанат жаяды», «Сырға толы сұхбаттар», «Ел өмірінен репортаждар» атты бірқатар бөлімнен тұрады. Туындыда халықаралық тақырыптарды қозғаған журналистің Иран, Әзербайжан, Қытай елінен жазған жолсапар очерктері, шет мемлекеттердің Қазақстандағы елшілерімен сұхбаттары, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы республиканың сыртқы саясаты, шет елдермен байланысы сынды маңызды жайттардан сыр шертеді. Автордың журналистикадан дипломатиялық қызметке ауысуына халықаралық тақырыпқа жиі қалам тербеуі септігін тигізгені мәлім. Бұл кітап – әсіресе халықаралық қатынастар тақырыбына қызығатын болашақ дипломат-журналистер үшін таптырмас құрал.



АҚАН СЕРІНІҢ ӘН ӘЛЕМІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі Ақан серінің 180 жылдығына арналған «Дала дәстүрі» топтамасынан «Майда қоңыр» концертін ұсынды.

XIX ғасырды зерттеушілер қазақ өнерінің алтын ғасырына балайды. Қазақтың музыка өнерінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан ақын, халық композиторы Ақан сері Қорамсаулы – сол заманның перзенті. Оның әр әні – тағдырлы туындылар. Кеш те әндері тарихының айтылуымен өрбіп отырды. Ақан – ит жүгіртіп, құс салған, жүйрік баптаған, сал-серіліктің үлгісіндей болған тұлға. Осы тұрғыдан концерт барысында сахнаға жеті қазынамызға жататын бүркіт пен тазы итті алып шығу жарасымды болды.

Ақанның «Майда қоңыр» әні Баянауылдағы Шорман бидің немересі Әмір-Темір мен оның жары Бадығұл-Жамалға арналған. Концерт халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Жақсыгелді Мясаровтың орындауында осы әнмен ашылды. Әрі қарай

«Ақтоқтының аужары», «Алтыбасар», «Сырымбет», «Мақпал», «Балқадиха», «Құлагер», «Шырмауық», «Әудем жер», «Ләйлім шырақ» сынды көптеген ән шықарды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Қосанова, Гүлмира Сарина, Мәдениет қайраткері Секен Сыздық, мәдениет саласының үздіктері Нұрай Танабаев, Тельман Нұркенов, Арафат Ысқақов, Берік Омаров, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Жақсыгелді Мясаров, Сәулежан Тағзия, Әйгерім Нартүіе, Өзгеріс Шерікбай, Жандос Иманбай, Зинат Қасымова, Алуа Қалымбекова, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі өнер көрсетті.

Ақан серінің өмірінен музыкалық және әдеби шығармалар жазылды, театрда спектакльдер қойы-

лып, кино түсірілді. Атап айтқанда, Ғабит Мүсіреповтің либреттосына композитор Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері-Ақтоқты» операсын жазып, классик жазушының пьесасы негізінде осы атаумен қойылымдар қойылды. Арындар ақын

Лияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, көрнекті қаламгер Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазды. Кинорежиссер Болат Мансұров «Құлагер» фильмін түсірді. Ал композиторлық қырымен де танымал көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың «Ақан сері» атты әні бар. Мәдениет саласының үздігі Данияр Мұқан шырқаған осы ән концерттің жаңалығы болды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 1st district.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 2nd district.

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 3rd district.

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № п/п, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 4th district.

АСТАНА МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫҒЫНЫҢ САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 5th district.

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 6th district.

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № p/c, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 7th district.

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫҒЫНЫҢ САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

(2023 жылғы 19 наурыздағы сайлау)

Table with 5 columns: № п/п, Аты, әкесінің аты, туған жылы, Жұмыс орны, лауазымы, Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну. Contains candidates for the 8th district.



БҰРҚАСЫНДА БАБЫН СЫНАДЫ

«Бұрқасын-2023» қысқы фестивалі 2000-ға жуық салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтың басын қосты. Астана қаласының әкімдігі қолдау білдірген спорт шарасын спорт басқармасы ұйымдастырды

Шараның ашылу салтанатына Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев және Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қатысушыларға сәттілік тіледі. «Әдеттегідей шаңғы жарысына қатысушы саны басым болды. 2021 жылы фестивалге белбеу және қол күресін қостық. Бағдарламаға енгізілген спорт түрлері қала тұрғындарының

ұсынысы негізінде іріктелініп алынды. Бүгінгі фестиваль қатысушылар арасында қала тұрғындарынан бөлек, әскери бөлімшелер де бар. Әр спорт түріне тіркелген қатысушының жасы әртүрлі. Мысалы, шаңғы жарысына 3-4 жастағы балалар, гір спортына 16-18 жас аралығындағы азаматтар қатысты. Әр жас санаты үшін медальдар мен бағалы сыйлықтар берілді» деді Самат Жылқыбаев.

Фестиваль барысында қаты-

сушылар 10 спорт түрі бойынша сынға түседі. Олар: шаңғы жарысы, гір көтеру, армрестлинг, белбеу күресі, арқан тарту, пималы хоккей, қар ату, автоспорт, мотоспорт және қысқы футбол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл спорттық фестиваль Астана қаласының тұрғындары мен жастары арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізіліп отыр.



Дайындаған Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

TARTYL FEST ТАРЛАНДАРЫ

Астанада турникке тартылудан республикалық Tartyl Fest турнирінің гранд-финалы мәресіне жетті. Финалда Қазақстанның түкпір-түкпірінен 170 спортшы қатысты.

Турнирдің іріктеу кезеңіне Қазақстанның 20 қаласынан 7 мың қатысушы бақ сынап, тоғыз салмақ дәрежесі бойынша үздіктерді анықтады.

«Спорт – қатысушылардың географиясы мен жасына қарамастан, өзіндік көрсетудің ең қолжетімді тәсілінің бірі. Tartyl Fest сияқты ауқымды жобалар өзіндік шыңдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қазақстандықтар арасында дұрыс құндылықты қалыптастырады және насихаттайды. Енді біз гранд-финалдың жеңімпаздары халықаралық және әлемдік дәрежедегі жарыстарда ел намысын қорғау үшін жұмыс істейтін боламыз. Бұл фестивальдің басты міндеті мен мақсаты – қарапайым жігіттердің, жастардың елімізде және әлемде жарқылдауына мүмкіндік беру» деді жобаның бренд амбассадоры Айтым Жақыпов.

Tartyl Fest турнирі ҚР Президенті жанындағы «Дара» дарындыларды қолдау қорының бастамасымен ұйымдастырылды. Фонд мақсаты – Қазақстанның әрбір тұрғыны өз мүмкіндіктерін толық қолдануға ықпал жасау және өз потенциалын ашу.

«Мен «Дара» Қорына жас таланттарды қолдағаны үшін қордың адамдарға, қатысушыларға өздерінің спорттағы болашағына инвестиция салуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын» деді Tartyl Fest турнирінде 18 бен 30 аралығындағы жас

категориясы бойынша 80 келіден жоғары салмақта жеңімпаз атанған Евгений Созончук.

Бүгінгі шараның ең жас жеңімпазы Шығыс Қазақстан облысынан келген 11 жастағы Мансұр Уәлиев болды. Ол турникке 36 рет тартылып, қатарластарының алды болды.

Гранд-финалдың тағы бір қатысушысы Алматы облысынан келген Андрей Водяниковтың айтуынша, фестиваль

қазақстандық жастар үшін маңызды жобаға айналып үлгерді.

«Біз – жас халықпыз, тиісінше, бізде жас буын өте көп. Сондықтан қазір бізге керекі – жастарға қолдау көрсету. Бүгін бас қосқан жастар фестивалісінде жаттығуларын жалғастырып, спортпен айналыса беретін еді. Алайда бүгінде фестиваль айрықша мағынаға ие болып үлгерді. Осындай жобалардың арқасында болашағымызға деген сенім ұлғаяды. Жоба жемісін бүгін көрсемек те 6-7 жылдан кейін арамыздан мақсатына берік жастар реверві шығады» деп ойымен бөлісті А.Водяков.

Tartyl Fest гранд-финалының абсолютті рекорды – 52 рет тартылу. Ол тараздық Евгений Намға тиесілі. Сонымен қатар іріктеу кезеңінде турникке 50 рет тартылып, рекордаторы атанған болатын.

«Мен өз рекордымды жаңартуға тырыстым және осындай көрсеткішке қол жеткіземін деп үміттендім. Өйткені дайындалуға көп уақыт кетті. Рекордты жаңарту менің мақсатым болды деп те айта аламын. Бірақ былай қарасаңыз, мұнда кездейсоқ адамдар жоқ, барлығы дайындалып келген. Жарыс керемет өтті. Бастысы, жақсы нәтижеге қол

жеткізіп, өзімді жеңе білдім. Оған өте қуаныштымын. Бұл жоба жастарға ынталандыру мен мотивация береді. Кейінгі ұрпаққа үлгі болады деп ойлаймын» дейді Евгений Нам.

Петропавлдық Руслан Касманов жеңісін ұлына арнады. Ол 30 жастан жоғары категорияда 80-90 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды.

«Шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Бұл фестиваль Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отыр. Финалда сөзбен айтып жеткізе алмайтын эмоцияға кенелдік. Жоба жалғасын тапса, тамаша болады» дейді жеңімпаз.

Финалистерді қолдауға олардың туыстары, достары, бапкерлері жиналды. Сондай-ақ спорттық жарыстың қонағы ретінде белгілі қазақстандық спортшылар, қоғам қайраткерлері және блогерлер қатысты.

«Бұл жоба көптеген адамдарға әсер етті. Бұл – бірегей әлеуметтік лифт, барлығы үшін үлкен мотивация. Өңірлерден келген жанкүйерлердің қатысушыларға қалай жанкүйер болып жатқанын қараңыз, жанашырлық танытып отырды» деді спорт мерекесіне келген қонақтардың бірі блогер Бейбіт Әлібеков тікелей эфирде.

Гранд-финалдың жүлде қоры 54 миллион теңгені құрады. Бірінші орын алған жеңімпаздар – 3 миллион теңге, екінші орын – 2 миллион теңге, үшінші орын 1 миллион теңгеге ие болды. Tartyl Fest гранд-финалының үздік қатысушылары StreetWorkOut әлем чемпионатына Қазақстанның атынан қатысуға мүмкіндік алады.

